

"Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 28 мамырдағы N 897

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тендерлік комиссияның "Central Asia Petroleum LTD" компаниясын (бұдан әрі - Компания) тендердің жеңімпазы деп тану және оған Компания мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті арасында жасасылған шартқа сәйкес "Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетінің 60 процентін сату туралы қорытындысына келісім берілсін.

2. Мүдделі орталық атқарушы органдарға Маңғыстау облысының әкімімен бірлесіп шарттың ережелерін орындауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі